

Жарма ауданының Делбегетей ауылдық округіне қарасты "Наймантай" учаскесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 шілдедегі N 170 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 шілдеде N 2612 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі N 211 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012.09.14 N 211 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Жарма ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылғы 02 шілдедегі N 354 ұсынысы негізінде Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының Делбегетей ауылдық округіне қарасты «Наймантай» учаскесінде ауыл шаруашылығы жануарлары арасынан құтырық ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағына ветеринариялық режим белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жарма аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Н. Касқырбаев), сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Жарма ауданы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы (Б. Ахмадиева), мүдделі жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданы
әкімінің міндетін атқарушы Н. Шалтабанов
Келісілді:

«Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Жарма аудандық
аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Н. Касқырбаев
2012 жылғы 17 шілде

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Министрлігінің мемлекеттік санитарлық
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің
Жарма ауданы бойынша басқармасы»
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы Б. Ахмадиева
2012 жылғы 17 шілде